

Әскерге шақыру учаскісіне 1992 жылы туған Целиноград ауданының азаматтарын тіркеуін жүргізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімінің 2008 жылғы 26 желтоқсандағы № 19 шешімі. Ақмола облысы Целиноград ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 23 қаңтарда № 1-17-81 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2009 жылғы 3 желтоқсандағы № 12 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2009 жылғы 3 желтоқсандағы № 12 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 33,37 баптарына, Қазақстан Республикасындағы 2006 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндет және әскери қызмет туралы» Заңының 17 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы «Қазақстан Республикасындағы әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» қаулысына сәйкес азаматтарды әскери есепке алу, әскери қызметке жарамдылық дәрежесін, білімдік деңгейін, алған мамандығын және дайындығының деңгейін анықтау мақсатында Целиноград ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. «Целиноград ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі-ММ) әскерге шақыру учаскісіне 1992 жылы туған тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтар шақыру учаскелеріне тіркелуге жататын азаматтарды 2008 жылдың қаңтар-наурыз айларында тіркеуін ұйымдастырсын және жүргізілсін.

2. «Целиноград ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» ММ бастығына (Мәденов Р.Ш.) (келісім бойынша) тіркеуге жататын азаматтардың шақырылуын жүргізілсін.

3. Аудандық мемлекеттік коммуналдық қазынылық кәсіпорынның «Целиноград ауданы емхананың» бас дәрігері (Юрьева И.В.) (келісім бойынша): ауданның әскерге шақыру комиссиясына әскер жасына дейінгілерді медициналық куәландырудан жүргізуге қажетті дәрігер-мамандарын және орта медициналық персонал санын бөлсін.

4. Ауылдық округ әкімдеріне, меншік нысанына байланысты емес кәсіпорын, мекеме, ұйымдар, ауданның оқу орындарының басшылары (келісім бойынша):

1) әскер жасына дейінгілерді әскери есепке тіркеуге жататын азаматтарды шақыру пунктiсiне келулерiне байланысты мiндеттерiн атқаруға қажеттi оқу және жұмыстан босатсын және әскерге шақыру учаскiсiне азаматтардың келулерi қ а м т а м а с ы з е т с i н ;

2) тіркеуге жататын азаматтарды хабардан ету, «Целиноград ауданы қорғаныс істері жөнiндегi бөлiмi» ММ олардың шақырылуы және сол шақыру бойынша уақытылы келуiн қамтамасыз етсiн;

5. «Целиноград аудандық экономика және бюджеттiк жоспарлау бөлiмi» Мемлекеттiк мекемесi (Ә. Б. Ыбраеваға) 2009 жылға бекiтiлген аудандық бюджетке сәйкес, азаматтардың тiркеуiн жүргiзуге ақша қаражаттарының бөлiнуiн қ а р а с т ы р с ы н .

6. «Целиноград аудандық әлеуметтiк бағдарламалар және жұмыспен қамту бөлiмi» Мемлекеттiк мекемесi (А. А. Әшiров) азаматтарды тiркеу бойынша комиссия жұмысы кезiне шақыру учаскiсiн техникалық жұмыскерлермен қ а м т а м а с ы з е т с i н .

7. «Целиноград аудандық iшкi iстер бөлiмi» Мемлекеттiк мекемесiнiң бастығы (А. Қ. Ғали) (келiсiм бойынша)

1) әскери мiндеттi орындаудан бас тартып жүрген, тұлғаларды iздестiру және ұ с т а л у ы н жү р г i з с i н ;

2) шақыру учаскiсiне азаматтарды тiркеуде, шақыру учаскiсiне тiркеу кезiне қызметкердi бөлiп, қоғамдық тәртiптiң сақталуын қамтамасыз етсiн.

8. Осы шешiмнiң орындалуын бақылау Целиноград ауданы әкiмiнiң орынбасары Б. А. Жанбаевқа жүктелсiн.

9. Осы шешiм Целиноград ауданының Әдiлет басқармасында мемлекеттiк тiркеу күнiнен күшiне енiп және аудандық «Призыв», «Ұран» газеттерiнде ресми жарияланған күннен бастап әрекетiне енедi.

Аудан әкiмi М. Мыңжанов

КЕЛiСiЛДi:

«Целиноград аудандық қорғаныс істер жөнiндегi бөлiм» ММ бастығы Р. Мәденов.

«Целиноград аудандық емханасы» МКҚКбас дәрігері В.Юрьева

«Целиноград аудандық ішкi істер бөлiмiнiң» ММ бастығы А.Ғали